	«ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»		
	Дәрілік технологиясы және инженерлік пәндер кафедрасы	Пікір	Баспа I 3 беттің 1 беті

6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Отандық шикізат (*Cistanche Salsa*) негізінде жаңа дәрілік заттар алу, оларды алу технологиялары мен әдістерін жасау» тақырыбы бойынша PhD- докторантының диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің Картбаева Эльмира Бекболовнаға

ПІКІРІ

Картбаева Эльмира Бекболовна, 1987 жылы туылған, 2012 жылы емтиханды сәтті тапсырып, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің, 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша PhD-докторантурасына қабылданды.


Таңдалған тақырып өзектілігі шикізатты (*Cistanche salsa*) экспорттау мақсатында Халықаралық талаптарға сай стандарттау облысындағы зерттеулер мен отандық флора негізінде көпшілік халыққа қол жетімді болатын, полифенольды және басқа биологиялық белсенді заттары негізінде қабынуға қарсы және иммундыреттегіш әсері бар препараттарды жасаумен расталады.

Картбаева Э.Б. PhD-диссертациялық жұмыстың өзекті тақырыбын іздеу барысында жоғары жауапкершілік танытты, Қазақстан Республикасы фармацевтикалық өндірісі номенклатурасын терең және жан-жақты сараптады. Нәтижесінде, Егемен Қазақстан экономикасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде отандық шикізат негізінде фитопрепараттарды жасау мәселесі анықталды.

Диссертациялық жұмыс «Разработка новых лекарственных средств, методов и технологии их получения на основе отечественного сырья» (№ гос. регистрации 0112РК02043, 2012-2015 г.г.) тақырыбындағы 055 «Фундаментальные и прикладные научные исследования» бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырыс аясында ҚР БҒМ «Целевое развитие университетской науки, ориентированной на инновационный результат» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша орындалды.

Картбаева Э.Б. PhD- докторантурада оқу барысында 6 ай көлемінде Ветеринарлы-фармацевтикалық университетінде Брно қ. (VFU) (Брно, Чехия) докторлық диссертация тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы аясында ғылыми тағылымдамадан сәтті өтті. PhD- докторант зерттеу аумағында әртүрлі теориялық концепцияларды сараптап, бағалап, салыстырып, нақты қорытынды шығара алды.

Ізденушіге эксперт қасиеттері тән: орындалған жұмыстың нәтижелерін бағалай алу, үлкен көлемдегі материалды алгоритмдеу, фармация және

	«ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»	
	Дәрілік технологиясы және инженерлік пәндер кафедрасы	Пікір
		Баспа 1 3 беттің 2 беті

фармацевтикалық технология маманы ретінде және жоғары біліктілігі арқасында нақты шешімдер қабылдай алады.

Ізденуші *Cistanche salsa* жыланбұтақтарны алудың инновациялық технологиясын жасап шығарды; *Cistanche salsa* жыланбұтақтары сұйық, құрғақ және қою көмірқышқылды экстракттарын алудың тиімді технологиясын жасап, экстракттар ҚР МФ жалпы талаптарына сай стандартталды; *Cistanche salsa* құрғақ экстракты негізінде шартты атауы бойынша «Цистанфит» капсулаланған дәрілік қалыбы алында және стандартталды. Бұл жұмыстардың еліміздің фармацевтикалық нарығы үшін тәжірибелік маңызы зор.

PhD- докторант Картбаева Э.Б. жоғары интеллектуалды потенциалға, берік мінез бен ұйымдастырушылық қабілетке ие. Оған аналитикалық ойлау мен креативтілік тән. Әріптестері арасында үлкен құрметке ие, жайдары, жауапкершілігі мол, тәртіпті.

Алғаш рет докторанттың диссертациялық жұмысы «Фармация» бойынша 6D110400-«Фармация» және 6D074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтарының Диссертациялық кеңес отырысында 2015 жылы қорғалған, Диссертациялық кеңестің оң шешімімен барлық құжаттар Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне (БФСБК) жіберілді. 2016 жылдың наурызында БФСБК-дан ресми түрде хат келді: Э.Б. Картбаеваның «Journal of Chemical and Pharmaceutical Research» журналында жариялаған еңбегі Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кірмегендіктен теріс шешім қалданып, Э.Б. Картбаеваға Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіретін жариялым жариялап қайта қорғауға шығу ұсынылды.

Докторант өз жұмысын жалғастырып, жұмыс нәтижесін Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіретін екі жариялымда жариялады:

1. Kartbaeva Elmira, Graciela R. Donald, Zuriyadda B. Sakipova, Liliya N. Ibragimova, Elmira N. Bekbolatova, Inna I. Ternynko, Patricia D. Fernandes /Fabio Boylan Antinociceptive activity of *Cistanche salsa* stolons, growing in the Republic of Kazakhstan // Revista Brasileira de Farmacognosia. – 2017. – Vol. 27. – P. 587-591 (Impact Factor - 1,059).

2.. Kartbayeva Elmira, Wirginia Kukula-Koch, Wojciech Koch, Rizvangul Ayupova, Liliya Ibragimova, Kazimierz Glowniak, Ewa Poleszak, Zuriyadda Sakipova/ LC-ESI-Q-TOF-MS Determination of phenolic constituents and antioxidant capacity of the extracts from *Cistanche Salsa* stolons growing in Kazakhstan // Acta Poloniae Pharmaceutica – Drug Research. – 2018. – Vol. 75 (3). – P. 689-695 (Impact Factor - 0,531).



**«ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»**

Дәрілік технологиясы және инженерлік
пәндер кафедрасы

Пікір

Баспа 1


3 беттің 3 беті

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс нәтижелері 24 ғылыми еңбекте жарияланған: Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналда 2 мақала, ҚР Білім және ғылым Министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда 7 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы 6 тезистер және 8 инновациялық патент жарияланды.

Сонымен, Э.Б. Картбаеваның ғылыми жетекшісі және кеңесшісі ретінде, сенімді түрде ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қорғауға, ал PhD-докторантты педагогикалық және тәжірибелік қызметке «Фармация» саласында сауатты, жауапкершілігі зор, жоғары білікті маман ретінде ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

**«Ұлттық медицина университеті» АҚ,
Фармация мектебінің деканы,
фарм.ғ.д., профессор**



З.Б. Сакипова